KASE

# АПТАЛЫҒЫ

## 25 – 29 Маусым, 2018



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE, өтеуге дейін 2 100 күн қалған, индекстелмеген МБҚ нарықтық бағалауын жүзеге асыру үшін қажетті Базалық кезеңнің ұзақтылығын ұзартты.
- 2018 жылдың үшінші тоқсанындағы Индекстелмеген МБҚ топшаларының нарықтық құнын бағалау мақсатында олардың параметрлері анықталды.
- KASE "Банк ЦентрКредит" АҚ (CCBNb19) облигацияларын, айналыста болу мерзімі аяқталуына байланысты KASE_BM* сериясы индекстерінің өкілетті тізімінен алып тастады.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Биржада 25 маусымда, 20 жылдық облигацияларды мөлшерлемесі жылдық 8,47%-бен орналастырып, 17,4 млрд. теңге тартты. Борыштық бағалы қағаздардың өтеуге дейінгі мерзімі - 16,6 жыл.
- ҚазАгро ҰБХ Биржада 29 маусымда 120,0 млрд. теңге тартты, 10 жылдық облигацияларды (KZAGb6) мөлшерлемесі жылдық 9,5% орналастырды.
- Фаэтон Компаниясы 25 маусымда мөлшерлемесі жылдық 13,49 % 7-жылдық облигацияларды (FATNb1) 260.0 млн теңге көлемінде бойынша Қазақстан қор биржасына орналастырды.
- Қазақтелеком АҚ жай акциясы (KZTK) бойынша жалпы сommасы 16,74 млрд теңге дивиденттерін және артықшылықты акциясының (KZTKp) дивиденттерін төлеуді жүзеге асырғанын хабарлады.
- АҚ Қаражыра 2017 жыл бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімдері қаржылық есептілікті бекіту және жай акцияларының (KZHR) дивиденттерін төлеу туралы хабарлады.
- Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ қордың рейтингілік бағалауларын Standard & Poor's агенттігі растағаны туралы хабарлады, болжамы "Тұрақты".
- Қазақстанның Даму Банкі Standard & Poor's агенттігі банктің рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам - "Тұрақты".
- Kaspi Bank АҚ Moody's Investors Service агенттігі оған контрагент тәуекелі рейтингін бергені туралы хабарлады.
- Қазақстан Халық жинақ банкі АҚ Standard & Poor's рейтингілік агенттігі банктің және оның халықаралық облигацияларының (HSBKe5) рейтингілік бағалауларын растағаны туралы хабарлады, болжамы "Тұрақты".
- Казкоммерц Секьюритиз АҚ 29 маусымнан бастап Еуразиялық даму банкінің облигацияларының үш шығарылымы бойынша биржада маркет-мейкер мәртебесі берілді.

KASE Индексі бес апталық төмендеуді тоқтатты. Сауда-саттық аптасының қорытындысы бойынша көгілдір фишкалар индексі 1,25%-ға артып, 2 412,01 деңгейге жетті. Индекстегі жеті атаулы акциялардың ішінен төрт компонент оң нәтижемен жабылды.

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




**29.06.2018** **Трендтер (%)**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **KASE Индексі** | **2 412,0** | **1,3** | **-3,1** |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| РД КазМунайГаз (прив.) | 9 650,0 | 15,02 | 7,2 |
| **Kcell** | 1 600,0 | 5,3 | 0,0 |
| **КазТрансОйл** | 1 400,0 | 4,9 | -9,1 |
| Сбербанк (Россия) | 1 158,2 | 3,41 | 0,2 |
| Казахтелеком (прив.) | 13 999,0 | 2,6 | 12,0 |
| **KEGOC** | 1 450,0 | 2,1 | 2,3 |
| **Народный банк** | 102,1 | 1,0 | -2,6 |
| Газпром (Россия) | 750,0 | 1,0 | -2,0 |
| БАСТ | 52 433,5 | 0,4 | -1,9 |
| Аэрофлот (Россия) | 771,0 | 0,1 | -0,5 |
| Банк ВТБ (Россия) | 0,3 | 0,0 | -3,7 |
| **Казахтелеком** | 33 890,0 | 0,0 | 1,1 |
| АЗМ | 10 501,7 | 0,0 | -1,9 |
| **Банк ЦентрКредит** | 282,0 | -0,4 | -4,2 |
| Банк Астаны | 842,1 | -0,6 | -4,0 |
| Bank of America | 9 870,0 | -1,3 | 1,9 |
| **KAZ Minerals** | 4 000,0 | -3,5 | -9,3 |
| QAZKOM | 100,0 | -9,1 | -4,3 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

Кселл акциялары ең көп өсім көрсетті, ол 5,26% -ке 1600 теңгеге дейін өсті. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов Қазақтелеком АҚ Kcell ұялы байланыс операторының акцияларының 75% сатып алу туралы өтінішін қарауды аяқтауын хабарлады.

Нарыққа қарағанда Қазтрансойлдың акциялары мықтырақ көрінді. Осы компанияның үлестік құралдарының бағасы 4 95% -ға 1 399,98 теңгеге дейін өсті. Дивидендтер төлегеннен кейін ҚазТрансОйл компаниясының қағаздары баға деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқтырады және қолдау деңгейінде тұрды (1 325 теңге). Айта кету керек, бұған дейін дивидендтер төлеуден кейін акциялардың бағасы әрдайым қалпына келтіріліп, баға бойынша айырмашылықты жауып тастаған.

Үшінші апта қатарынан арзан мыспен нарықтың аутсайдерлері Kaz Minerals PLC акциялары болып келе жатыр, бұл аптаның аяғында 3,5% -ға, 4 000,00 теңгеге дейін төмендеді. Сондай-ақ, Kaz Minerals компаниясының акциялары осы жылдың маусым айының басында қол жеткізген тарихи шыңдарынан кейін жылжып, 18 пайызға түсті.

Бір күндік валюталық своптар бойынша кірістілік апта ішінде 1,25 пайыздық нүктеге төмендеп, жылдық 6,67%-ға дейін жетті. Мемлекеттік бағалы қағаздармен жүзеге асырылатын мерзімі бір күндік репо операцияларының кірістілігі 7 б.н. төмендеді және жылдық 8,02% деңгейінде тоқтады.

Ұлттық Банк биржадан тыс ноталардың жеті шығарылымын орналастырды, олардың жалпы көлемі 969,5 млрд. теңгеге жетті. Апталық ноталардың бес шығарылымы бойынша орналастырудың жалпы көлемі 599,9 млрд. теңгені құрады, кірістілік деңгейі жылына 8,11-8,12 % деңгейінде болды. 28 күндік ноталар бойынша кірістілік сомасы 8,24% жетті, орналастыру көлемі 316,6 млрд. теңге болды. Жылдық ноталар жалпы сомасы 53 млрд. теңгеге орналастырылды, олар бойынша кірістілік 8,22% құрады. Ноталарға жиынтық сұраныс 2% -дан асып, 991,6 млрд. теңгеге жетті.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.*

**Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Доллардың орташа бағамы аптаға 0,2% немесе 0,81 теңгеге өсіп, 341,08 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі өткен аптамен салыстырғанда 42% -ға төмендеп, 569,0 млн. долларды құрады.

Доллар / теңге валюта жұбының бағамы бесінші аптаны өсумен жапты. Соңғы рет осы үрдіс өткен жылдың тамызында байқалды. Теңге осы аптада мұнайдың өсуін мүлдем елемеді және рубльді ұстануға тырысты, ол біздің валюталарымыздан әлдеқайда күшті болды. Осылайша, ресей рублінің / теңге бағамы 5,5 деңгейіне жақындады.

Аптаның соңында Ресей валютасы 0,0695 теңгеге өсіп, 5,4395 теңгені құрады. Ағымдағы аптадағы жалпы сауда-саттық көлемі 189,5 млн. рубльге жетті.

Есептік аптадағы еуроның бағамы 0,30 теңгеге өсіп, 396,70 теңгені құрады.

Юань айырбастау бағамы апта соңында 0,8936 теңгеге төмендеп, 51,5100 теңге деңгейінде қалды, мәміле көлемі 5,1 млн юань болды..

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.17)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 447,15 | +0,0 | +2,4 | -0,3 |
| USDKZT | 341,31 | +0,0 | +3,6 | +2,7 |
| EURKZT | 394,96 | +0,5 | +3,9 | -0,8 |
| CNYKZT | 51,56 | -1,8 | +0,5 | +0,9 |
| RUBKZT | 5,40 | +1,1 | +2,9 | -6,4 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 2 718,37 | -1,3 | -0,2 | 12,3 | -1,4 |
| Dow Jones | 24 271,41 | -1,3 | -1,6 | 14,0 | -1,4 |
| РТС | 1 154,16 | 2,6 | -0,8 | 15,4 | 2,7 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 21,5 | 2,7 |
| Hang Seng | 28 955,11 | -1,3 | -3,7 | 11,5 | -2,1 |
| SS CSI 300 | 3 510,99 | -2,7 | -5,7 | -4,3 | -2,4 |
| Euro Stoxx 50 | 3 395,60 | -1,3 | -1,3 | -2,2 | -1,1 |
| FTSEuroFirst | 4 201,00 | -1,1 | -0,8 | 0,0 | -1,3 |
| FTSE 100 | 7 636,93 | -0,6 | -0,7 | 3,9 | -0,3 |
| KASE | 2 412,01 | 1,3 | -3,1 | 46,5 | |

## Шикізат нарығы 29.06.2018

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а |
|---|---|---|---|
| Мұнай | 79,44 | 5,1 | 2,5 |
| | 74,15 | 8,1 | 8,7 |
| Табиғи газ | 2,92 | -0,7 | 1,4 |
| Мыс | 295,10 | -2,5 | -3,8 |
| Темір | 435,50 | 3,1 | -24,0 |
| Алтын | 1 252,60 | -1,4 | -3,7 |
| Күміс | 16,10 | -2,2 | -2,7 |
| Астық | 497,50 | 1,3 | -4,7 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 02.07 | Caixin өндірістік секторының PMI (Маусым) | CNY | 51,1 | 51,1 |
| 02.07 | PMI өндірістік белсенділігінің индексі (Маусым) | RUB | | 49,8 |
| 02.07 | ISM өндірістік секторының PMI (Маусым) | USD | 58,2 | 58,7 |
| 05.07 | ISM өндірістік емес секторының PMI (Маусым) | USD | 58,3 | 58,6 |
| 05.07 | Шикі мұнай қоры | USD | -8,239M | -9,891M |
| 05.07 | FOMC хаттамаларын жариялау | USD | | |
| 06.07 | Жұмыссыздық деңгейі (маусым) | USD | 3,8% | 3,8% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 6,2 % | 01.06.18 | 7,1 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 30 721 | 01.06.18 | 30 745 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 4 787,6 | 01.06.18 | 5 538,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 18 836,9 | 01.06.18 | 19 456,0 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 12.03.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 негативті |
| Fitch Ratings | BBB тұрақты | 17.04.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00





**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ  (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді.  KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін  инвестициядан  табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE  инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары  KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ  2018